

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРТАЛЫҚ МУЗЕЙІ

Қазақ хандығының 550 жылдығына және
Қазақстан халқы Ассамблеясының
20 жылдығына арналған
«ҚАЗАҚСТАН АРХЕОЛОГИЯСЫ МЕН ЭТНОЛОГИЯСЫ:
ӨТКЕНІ, БҮГІНІ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ» атты
«VII Оразбаев оқулары»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

28-29 сәуір 2015 жыл

МАТЕРИАЛЫ

международной научно-практической конференции
«VII Оразбаевские чтения»
«КАЗАХСТАНСКАЯ АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ:
ПРОШЛОЕ, НАСТОЯЩЕЕ И БУДУЩЕЕ»,
приуроченной к 550-летию образования Казахского ханства,
20-летию Ассамблеи народа Казахстана
28-29 апреля 2015 г.

PROCEEDINGS

of International scientific and practical conference
«VII Orazbayev readings»:
«KAZAKH ARCHAEOLOGY AND ETHNOLOGY:
PAST, PRESENT AND FUTURE»,
dedicated to the 550th anniversary of the Kazakh Khanate,
the 20th anniversary of the Assembly of People of Kazakhstan
28-29 April, 2015

Алматы
«Қазақ университеті»
2015

Редакция алқасының төрағалары:

Ғ.М. Мұтанов, техника ғылымдарының докторы, академик, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры

Әлімбай Нұрсан, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейі директоры, профессор

Редакциялық алқа:

Т.С. Рамазанов, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғылыми-инновациялық жұмысы жөніндегі проректоры, ф.-м.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі; **А.Қ. Жұмаділ**, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарих, археология және этнология факультетінің деканы, т.ғ.к., доцент; **Қақабаяев Б.С.**, ҚР Мемлекеттік Орталық музейі директорының бірінші орынбасары; **Б. Хинаят**, ҚР Мемлекеттік Орталық музейі директорының ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары, т.ғ.к.; **А.Б. Қалыш**, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің археология, этнология және музеология кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.д., профессор; **Ғ. Теміртон**, ҚР Мемлекеттік Орталық музейінің ғалым-хатшысы, филос. ғ.к.; **Д. Қатран**, ҚР Мемлекеттік Орталық музейінің антропология және этнология орталығының жетекшісі, т.ғ.к.; **М.Ш. Эгамбердиев**, ҚазҰУ-дың археология, этнология және музеология кафедрасы меңгерушісінің орынбасары, т.ғ.к., доцент; **Р.С. Жұматаев**, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарих, археология, этнология және музеология кафедрасының аға оқытушысы, PhD докторанты; **Х. Айтқұл**, ҚР Мемлекеттік Орталық музейі археология орталығының жетекшісі.

Жауапты редактор:

А.Б. Қалыш – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ археология, этнология және музеология кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.д., профессор

Құрастырушылар

А.Б. Қалыш, Б. Хинаят

Қазақстан археологиясы мен этнологиясы: өткені, бүгінгі және болашағы атты «VII Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары / жауапты ред. А.Б. Қалыш. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 472 б.

ISBN 978-601-04-1184-5

«Қазақстан археологиясы мен этнологиясы: өткені, бүгінгі және болашағы» атты «VII Оразбаев оқулары» кезекті халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция Қазақ хандығының 550 жылдығына және Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығына арналып отыр. Бұл жинақ аталмыш конференцияға қатысушылардың археологияның, этнологияның және музей ісінің қазіргі өзекті мәселелеріне арналған баяндамалары мен хабарламаларының негізінде жарыққа шығарылды.

Басылым тарих ғылымдарының салалық мамандарының кәсіби талғамын ғана емес, қалың көпшіліктің де танымдық сұранысын қанағаттандырады.

Очередная международная научно-практическая конференция «VII Оразбаевские чтения»: «Казахстанская археология и этнология: прошлое, настоящее и будущее», приурочена к 550-летию образования Казахского ханства и 20-летию Ассамблеи народа Казахстана. Сборник подготовлен на основе докладов и сообщений участников данного научного форума, отражающих современные актуальные вопросы археологии, этнологии и музейного дела.

Представляет интерес не только для специалистов исторических дисциплин, но и для широкого круга общественности.

Regular International scientific and practical conference «VII Orazbayev readings»: «Kazakh Archaeology and Ethnology: Past, Present and Future», dedicated to the 550th anniversary of the Kazakh Khanate, the 20th anniversary of the Assembly of People of Kazakhstan. The Proceedings was prepared on the basis of reports and presentations of participants of scientific forum, which reveal contemporary topical issues of archeology, ethnology and museum affair.

It is of interest not only to specialists of historical disciplines, but also for the general public.

возраста, придерживаясь устаревших традиционных правил поведения по отношению к старшим, не требуют того же от младших по отношению к себе. Все же наиболее благоприятная обстановка складывается в молодых семьях. И отношения в них, и внутрисемейное общение, как правило, демократичнее. В этом заключается одна из причин того, что городские семьи, среди которых больше молодых, в своей основной массе демократичнее сельских. Идентичные процессы отмечены отечественными исследователями и в других регионах Казахстана [3].

В целом сущность и этикетная форма отношений в узбекской семье Южного Казахстана меняются параллельно, но не одинаковыми темпами. В большинстве случаев содержание опережает форму: ведь оно более значимо для практической жизни. Однако эта причина – не единственная. Другая причина состоит в том, что определенная часть узбекского населения сознательно придерживается некоторых элементов традиционного общения (например, тех же обычаев избегания) как не только наследия дедов и прадедов, но и как указания на этническую принадлежность, этнический стереотип поведения. Поэтому изменения в этикете семейных отношений у узбеков, как и у других соседних народов региона, включая казахов, турков и других, еще более свидетельствуют о сдвигах в быту семьи, чем изменения в самих этих отношениях.

1. Ташбаева Т.Х., Савуров М.Д. Новое и традиционное в быту сельской семьи узбеков. – Ташкент, 1989. – С.30-52.

2. Материалы этносоциологического исследования населения г.Туркестана и Туркестанского района Южно-Казахстанской области, осуществленные в рамках научного проекта «Современные этнические и этнокультурные процессы в Туркестане» Центра археологии и этнологии МКТУ им. Х.А. Яссауи и исторического факультета КазНУ им. Аль-Фараби (руководители З.К. Исабек и А.Б. Калыш).

3. Мейрманова Г.А. Нормы казахского этикета по материалам современных полевых исследований // Полевые исследования Института этнологии и антропологии. – М., 2007. – С. 104-115.

4. Калыш А.Б. К вопросу о семейном этикете казахов // Россия – Казахстан: сотрудничество, наука, прогресс. – Оренбург, 2009. – С.252-261.

**Т. Болсынбек, ғылыми қызметкер,
ҚР Мемлекеттік орталық музей, Алматы қ.**

ҚАЗАҚЫ ТЫМАҚТЫҢ АЙМАҚТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ЭТНОМӘДЕНИ СЕМАНТИКАСЫ (ҚР МОМ ЖӘНЕ РЭМ КОЛЛЕКЦИЯЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ)

Дәстүрлі қазақы ортада бас киімдердің ішінде тымақтың (тұмақ деп те айтылады) алатын өзіндік орны бар. Тымақ – күн райының суық, аязды кезінде киетін, қой, қозы-лақ, аң терісінен тігілген баскиім. Тымақтың төбесі биік, маңдай тұсы сыртқа қайырылған, екі құлағы және жауырынға дейін жауып тұратын желкелігі болады. Маңдайшасы, құлағы, желкелігі бөлек-бөлек пішіліп құрастырылып тігіледі.

Тымақтың сырты атлас, пүліш, дүрия, мақта-мата, барқыт және сәндік үшін өрнекті жібек, торғын маталармен де тысталынады. Оның төбесі мен құлағының қосылған шеңберін милық деп атайды. Тымақ милығының ішіне талдырма киізден бидайы салынып, керегесі жұмсақ матамен астарланады. Екі құлағының сыртынан мақта-матадан немесе тыстық матадан ызылған бау тағылады.

Тігілген материалына байланысты – сеңсең тымақ, түлкі тымақ, елтірі тымақ, жабағы тымақ, сусар тымақ, қоян тымақ, барыс тымақ, бұлғын тымақ, далбай тымақ, пұшпақ тымақ, қарсақ тымақ деп аталады. Мысалы, қозының ұзара өсіп, қырқылмаған, сала-сала болып бұйраланып тұратын терісінен дайындалған тымақты сеңсең тымақ деп атайды. Сеңсең тымақтың жүні ішіне қаратыла тігіліп, кішкене шошақ төбелі, етегі желкелігіне дейін түседі. Жүні қысқа, бұйра келген қозы терісінен тігілген тымақты елтірі тымақ дейді. Елтірі тымақ төрт сайлы, төбесі аласа тігіліп, матамен астарланады. Әсемдік үшін маңдайы, желкелігі және құлақшадан тұратын бөліктері қаракөл терісімен бастырылады. Ал түлкі терісінен тігілген тымақты түлкі тымақ деп атайды. Оның сырты матамен тысталып, кейде керегесі астарланбайды. Төбесі төрт сайдан құралады. Желкелігі ұзындау келеді.

Дәстүрлі қазақы ортада тымақтың түрлерін жіктеудің төмендегідей тәсілдері сақталған:

– пошымына қарай тымақ – жаба салма, дөңгелек төбе, шошақ төбе, далбай, жалбағай деп бөлінеді.
– пішілуіне қарай тымақ – төрт сай, алты сай, қайырма деп бөлінеді. Баскиім, оның ішінде тымақтың, салтанатты той-жиындарда, құдалық салтында және күнделікті киетін түрлерінің пошым-пішімінде айтарлықтай айырма жоқ деуге болады.

– климаттық өзгешелікке қарай тымақтардың үлкен-кішілігі, жұқа-қалыңдығы әртүрлі болып келеді. Қазақстанның солтүстік өңірінің тымақтары арқа-жауырынды тұтастай жауып тұратын (түлкі тымақ) әрі қалыңдау болса, оңтүстікте жұқалау елтіріден әзірленеді.

– сәнделуіне қарай жылылығынан гөрі сәнділігі басым болып келетін, көбінесе күн райының жылылау кезінде киілетін, салмағы жеңіл, тысы жақсы, ашық реңді матамен тысталып әсемделіп тігілген тымақ үлгілері бар. Солардың бірі жекей тымақ деп аталады.

Сондай-ақ, сән-салтанатты тымақтар қатарына пұшпақ (түлкі), сусар, бұлғын, құндыз сияқты бағалы терілерден тігіліп, сырты жібек, барқыт, дүрия тәрізді қымбат маталармен тысталып, бітімі әдемі, көрнекі, төбесі көтеріңкі, құлақтары мен маңдайы аң терісімен жұрындалған (кейбірінің мильқтарына алтын оқа бастырылған) әшекейлі болып келеді. Мұндай тымақты, әрине, тек дәулетті отбасының адамдары ғана кие алған. Ер адамдар тымақты көбіне қасқыр ішік, тон сияқты сырт киімдермен бірге киген. Ал күнделікті тұрмыста шаруашылық адамдары сеңсең, қоян терісі тәрізді арзанқол терілерден тігілген, төбесі аласалау келген, сырты жай ғана маталармен тысталған тымақтарды киген.

Тымақтың жасалған географиялық өңірмен де байланысты түрліше атала береді. Мысалы, Алтай өңірін мекендейтін бағалы түлкі терісінен тігілген тымақты алтайы түлкі тымақ деп атаған. Шошақ төбелі тымақтар осы аталған өңірде көп таралған. Сыр бойы мен Арал өңірінде иықты, арқаны толық жауып тұратын жалбағай деген тымақ түрі кең таралған.

Дәстүрлі ортада тымақты адам өзінің жас ерекшелігіне, әлеуметтік ортадағы дәрежесіне қарай киген. Ақсақал, үлкен кісілер тымақты кеңдеу қылып тіктіріп тақия немесе шыт сыртынан киген. Олар көбіне пұшпақ тымақ киген. Ал жалпақ төбелі үлкен тымақты орта жастан асқан, лауазым, дәрежесі жоғары болыс, билер киген. Бұл алты сайдан құралған тымақтың кейбірі мол пішіліп төбе тұсы тым жалпақ келетін болған. Ондай тымақты беделді адамдар киетіндіктен бағалы аң терілерінен дайындаған. Тіпті ауқаттылардың кейбірі сырты жасыл түсті барқыт матамен тысталған, мильқтарына алтын оқа бастырып, құлақтары мен маңдай тұсын түлкі терісімен жұрындаған киіз төбелі тымақта киген. Төбесі төрт сайлы, сырты қымбат жібек матамен тысталған жекей тымақты, сондай-ақ қара мақпалмен тыстаған жұқа қара елтірі тымақты (кейбірінде, ұзын жүнді елтірі тымақ) да орта жастағы кісілер мен жас жігіттер қонаққа, той-жиынға барғанда киген. Ал түлкі терісінен тігіп сыртын сарғыш қызғылт түсті жұқа жібекпен тыстаған алты сайдан құралған жеңіл қара тымақты ауқатты отбасылардан шыққан жеткіншек бозбалалар киген (бозбала тымақ). Үйлену, құдалық сән-салтанаты кезінде дәулетті отбасынан шыққан күйеу жігіт басына үкі тағылған елден ерекше көрінетін ұзын төбе оқалы тымақ (үкілі тымақ) киетін болған. Қарапайым тігілген шошақ тымақты малшы, басқа да тұрмысы орта деңгейден төмен адамдар кесе, ойын баласы төбесі төрт сайдан құралған, кішкентай төбелі шошақ далбай тымақ киген.

Ертеде қазақы ортада ас, той, жиын басқа да жағдайларда бас қосқан қазақтың бір рудың келесі рудан өзгешелігін білдіріп тұратын белгілер баскиім түрлерінен де аңғарылып тұратын болған, мысалы, элем әдебиетінің классигі М.Әуезов шығармаларында, тымақтың қазақ руларындағы ерекшеліктерін атап көрсетеді. Олар: сырмалған алты сай найман тымағы, жіңішке ұзын төбелі керей тымағы, шошақ төбелі алты сай және сегіз сай уақ тымағы, төрт сай қарқаралы тымақ, төрт сай аласа төбелі тобықты тымағы, алты сай тобықты тымағы, қаракесек тымағы аталады [1].

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейі (ары қарай ҚР MOM) қорында әр жылдары Қазақстанның әр өңірінен жинақталған тымақтың 30-ға жуық түрі сақтаулы. Олардың музей қорында жинақталуы XX ғ. басынан бастау алып күні бүгінге дейін жалғасын табуда. Бұл тымақ түрлері ҚР MOM қорында сақтаулы басқа да киім (бас киім, бой киім, сырт киім, аяқ киім) түрлерімен бірге 2009 жылы «Қазақтың дәстүрлі киім-кешегі» атты ғылыми каталог болып жарыққа шықты [2].

ҚР MOM қорында сақтаулы КП 23932/30 нөмірлі тымақ (кестедегі 1-сурет) XX ғ. басында Сыр өңірінде тігілген. Тымақтың төбесі қара түсті барқытпен тысталып, қара сәтенмен астарланған. Төбесі және етегі екі бөліктен тұрады. Жалпақ, аласалау төрт сайдан тұратын төбесінің бидайы киізден салынған. Желкелігі мен құлақшадан тұратын етегінің ішкі бетіне және маңдайына түлкі терісі күсіліп, іс машинасымен сырылып тігілген. Құлақшаларына тыстық матадан ызылған бау тағылған. Биік. 44 см, мильқ шеңбері 49 см, маңдайы 17 x 9 см [2, 52 б.].

Орталық музей 2014 ж. бері Ресейдің Санкт-Петербург қаласындағы Ресей этнографиялық музейімен (ары қарай РЭМ) бірлескен ғылыми-зерттеу жұмысын қолға алды. Мақсат РЭМ қорындағы қазақ коллекцияларын жан-жақты зерттеу болғандықтан, ҚР MOM «Ресей этнографиялық музейі қорындағы қазақтың дәстүрлі мәдениетіне қатысты этнографиялық коллекциялар» атты тақырыптағы ғылыми-зерттеу жобасын бекітіп, соның аясында біраз жұмыстар атқарды. Нәтижесінде, РЭМ-дегі қазақ этнографиясына қатысты бұйымдардың ішінен тек бас киім, оның ішінде тымақ түрлерінің (музейлік нөмірлері: 7430-14, 4532-7, 5525-1, 5525-2 т.с.с.) біршамасы анықталды. Бас киімдердің қай жылдары Қазақстанның қай регионынан түскені, кімдер жинақтағаны, жергілікті ерекшеліктері, тігу кезінде көбіне қандай материал қолданғаны, өлшемі сияқты т.б. жұмыстар жүргізілді. Төменде РЭМ қорында сақтаулы қазақ тымақтарын алғаш рет жариялап отырмыз:



РЭМ қорында 4532-7 нөмірімен тіркелген шошақ төбелі далбай тымақ (кестедегі 2-сурет) ХХ ғ. бірінші ширегінде Ақтөбе губерниясы, Адай ауданында тігілген. Тымақ иленген қара қой терісінен пішіліп тігілген. Төбесі төрт елідей шығыңқы етіп тігілген және төрт сайдан құралған. Төбесіне жалғасқан маңдайы, желкелігі мен құлақшаларына иленген қойдың терісі күсілген. Ақ түсті мақта-матадан бау тағылған. Төбесінің биіктігі 12 см, мильқ шеңбері 40 см, маңдайы 21 x 11, желкелігі 26 x 25 см, бүйірі 23 x 23, бауының ұзын. 51 см. 1926 ж. жинақтаушы А.Н. Глухов пен Ф.А. Фиельструп өткізген.

Ал, РЭМ-де 7430-14 нөмірімен тіркелген түлкі тымақ (кестедегі 3-сурет) қара түсті барқытпен тысталған. ХХ ғ. ортасында бұрынғы Целиноград облысы, Целиноград ауданында тігілген. Тымақтың төбесі төрт сайдан құралған, бидайы жүн-мақта аралас салынып тігін машинасымен сырылып тігілген. Желкелігі мен құлақшадан тұратын етегінің ішкі бетіне және маңдайына түлкі терісі күсілген. Құлақшаларына барқыт матадан ызылған бау тағылған. Төбесінің биіктігі 20 см, мильқ шеңбері 60 см, маңдайы 12 x 11 см, желкелігінің ұзын. 24 см, ені 20 см, бауының ұзын. 35 см. 1962 ж. жинақтаушы С.М. Лейкина мен И.И. Максимова өткізген [3].

Музейлік артефактілерден байқағанымыздай, қазақтың әр өлкесінен жинақталған тымақ түрлерінен айтарлықтай айырмашылық жоқ екенін көруге болады.

Ерте кездері айы-күні толмай шала туған сәбиді қолға ұстауға немесе бесікке бөлеуге келмейтіндіктен, қырқынан шыққанша «тымаққа салып» күткен. Өйткені тымақтың іші жылы, қолға ұстауға қолайлы болған. Ғұрып бойынша, сәбидің құрсақтағы неше күні кем болса, сонша күн тымаққа бөлеген. Мысалы, қырық күні кем болса, тымақтағы сәбиді керегенің әр басына кезегімен іліп қояды да, керегенің қырқыншы басына келгеннен кейін, оны тымақтан алып, бесікке бөлеген. Қазақтың салтында тымақта өскен сәбиге Тымақбай, Шалабай деп ат қойған. Бұл – қазақы ортадағы ат қоюдың тымақпен байланысты антропонимдік ерекшелігі.

Тымаққа қатысты тағы бір жосын-жоралғыда қайын жұртына алғаш барған күйеу жігіт дәстүрлі этикет бойынша, қалыңдығымен қашан некесі қиылғанға дейін ауылдың үлкендеріне, сыйлы адамдарына бет жүзін көрсетпей, көлегейлеп тұруы үшін жылдың қай мезгілінде, тіпті шілде де болсын, басына тымақ киіп баратын салт болған. Мұндай этикеттік салт М.Әуезовтің «Абай жолы» романында көркем дәлдікпен суреттелген: «... Әлі тұра тұр, басыңда үкің жоқ деп қиғылық салады! Тымағыңды көзіңе кимесең, жақтан да ұрады. Басқа үкі тағы – бар күйеудің әдеті. Ол ғана емес, қызыл манат шапан мен биік өкше етік киіп, елден ерекше ұзын төбе тымаққа үкі тағып алу, бұл өңірдің бар күйеуіне жол болатын...» [4, 260 б.]. Күйеу жігіт қайын жұртына тымақпен бару этикетін байырғы кезде қатаң сақтаған. Бет жүзін ашып жүретін күйеу жігітті жазалап ауылдан қуып та жіберетін болған.

Қорыта айтқанда, тымақтың әр аймаққа тән азды-көпті айырмашылығы болғанмен, оның этномәдени семантикасында алабөтен өзгешелік жоқ:

- барлық бас киім түрлері сияқты тымақты да қасиетті санап, аяқ астына тастамай, жоғарыға іліп қоятын болған;
- тымақты бастағы бақ кетеді деп, бөтен біреуге сыйламаған;
- тымақты төңкеріп қоймаған;
- «бәле бастан жұғады» деген ырыммен бөтен адамның тымағын кимеген.

Бұл айтылғандардан тымаққа байланысты мәдени семантика барлық аймақта бірдей екенін байқаймыз.

1. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1979-1985.

2. Қазақтың дәстүрлі киім-кешегі. Ғылыми каталог (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде). Ғылыми редактор және жоба жетекшісі Нұрсан Әлімбаев. – Алматы: Өнер, 2009. – 344 б.

3. ҚР MOM-ның антропология және этнология орталығының жұмыс қорынан.

4. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – Т. 3. Абай. Роман-эпопея. – Алматы: Жазушы, 1979. – 260 б.

**Қыдыр Нұрғожа, ғылыми қызметкер,
ҚР Мемлекеттік орталық музей, Алматы қ.**

ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ТҰРМЫСЫНДАҒЫ ҚОЙ ЖӘНЕ ТҮЙЕ ЖҮНІН ӨНДЕУ, ҰҚСАТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Дәстүрлі қазақы ортада төрт-түлік өнімдерінің ішінде қой мен түйенің жүні, сонымен қатар ешкінің қылы, түбіті киім-кешек және тұрмыстық бұйымдар жасауда кеңінен қолданылды. Бұған дейін жүн өнімі туралы иллюстрацияланған мақала белгілі этнолог-ғалым Нұрсан Әлімбаидың жетекшілігімен 2012 ж. жарыққа шыққан «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты энциклопедияның 2-ші томында жарық көрді [1, 495-499 бб.]. Ал, бұл мақалада жүнді өңдеу мен ұқсату технологиялары басты назарға алынып отыр. Жүн әр түліктен әртүрлі жолмен алынады. Айталық, ешкінің қылы мен түбітін алуда тарау, қойдың жүнін қырку, ал түйенің жүнін жүндеу әдісімен алған. Әр түлік жүнінің қасиеттеріне, жасына, сипатына, кәдеге асуына қарай бірнеше түрге бөледі. Мәселен, қойдың жүні оның қырқылу уақытына қарай түрліше аталады. Жазғытұрым қырқылып алынған қой жүнін жабағы жүн деп атайды. Жабағы жүн қыс бойы мал денесінде жүріп, ұйысып, яғни «жабағыланып» кететіндіктен оның кәдеге асуы да қиындау болады. Қазақы ортада жабағы жүн талшығы ұзын болғандықтан киіз үйдің бау-басқұрларын жасауда көбірек қолданылды. Ал жазғы қырқымнан кейінгі, яғни күзге дейін өскен талшықтары қысқа, әрі тез ұйысатын жүн күзем жүн деп аталады. Оның күзем жүн деп аталуы қойдан күзде қырқып алынуына байланысты шыққан. Күзем жүн өңдеуге жеңіл, әрі тығыз, болғандықтан тұрмыста одан көптеген түрлі бұйымдар мен киім-кешек жасауда кеңінен қолданылған. Қойдың жүні құрамы мен сапасына байланысты биязы жүн, ұяң жүн, қылшықты жүн деп ажыратылады. Ал жүні алынатын қойдың жас мөлшеріне қарай қозы жүні, тоқты жүні, қой жүні деп жіктеліп аталады.

Көшпелі ортада түйе жүні оның жас мөлшеріне байланысты тайлақ жүн және үлкен түйенің жүні деп екі жікке бөлінеді. Сапасына қарай боздақ (үлпілдек жүн), жабағы, шуда (салалы қылшық жүн) деп ажыратылады. Жабағы деп түйенің киіздей болып ұйысып қалған жүнін айтса, боздақ деп жабағы жүнінің астынан жаңадан шыққан үлпілдек жүнді айтады.

Жүн өнімін алу. Көшпелі тұрмыста төрт түлік малдың жүнін алу уақытына байланысты белгілі бір реттілік сақталып отырған. Айталық, қойды қырку алдында оларды белгілі бір мезгілде тоғытып, яғни үстіндегі жүні кепкен соң барып қырыққан. Өйткені, тоғытылмаған жүннің ылғалдылығы жоғары болатындықтан қырку қиындық туғызған. Мысалы, жабағы жүнді қырықпас бұрын оның теріден тұтас көтеріліп, шайырланған кезін күткен. Қазақы ортада қырқым науқаны кезінде қойдың санына қарай бүкіл туыс-туған немесе қойшылар өзара келісіп кезек алу арқылы жабылып атқарып отырған. Қойдың жүнін қырықтық деп аталатын қайшыға ұқсас арнайы құралмен қырқады. Ал, ешкі малы түлеген кезде түбітін оның денесінен түбіттарак деп аталатын құралмен тарап алады. Кейде түбітін қылшықтарымен бірге қырқады.

Ал түйенің жүнін алу әдісі – түйе жүндеу деп аталады. Түйе жүндеу де жылдың белгілі бір уақытында көбінесе, күн жылыған кезде атқарылатын болған. Күн жылынған жайма шуақ кезде астынан боздақ жүн өседі де, жабағы жүн өздігінен көтеріліп түйе оңай жүнделеді. Түйе малы үш рет жүнделетіндіктен, оған қоса соңғы жүндеуден соң денесі тақырланып қалатындықтан түйе жүндеуді салқын түскенге дейін атқаруға тырысқан. Себебі денесі тақырланып қалған түйе малы көп жағдайда жауын-шашынды көтере алмай қалады. Мұндайда оларды арнайы жабулап қоятын болған. Әсіресе соңғы жүндеуден соң әлсіз немесе арық түйелер мен тайлақтар жабуланады. Түйені жүндеу алдында оны шөгеріп алады. Егер асау түйе болса, ол тұрып кетпеуі үшін арқанмен матап, байлаған соң жүндеуге, яғни жүнін жұлуға кіріседі. Түйені жүндегенде жүнін астыңғы баданасынан суырып жұлып алады. Осылайша түйе жүнделгенде жұлынған жүн астынан жаңадан үлпілдеген боздақ жүн өсіп шығады. Ал шудасын қайшы, қырықтық немесе өткір пышақпен кесіп алады. Кейде бауыздалған түйенің төрт аяғын тізеден «тіздетіп» (бүгіп) қойып, денесі жылы кезінде жұлып алуды тіздеп жүндеу деп атайды. Тіздеп жүндеудің бір ерекшелігі мұнда түйенің барлық жүндерін жұлуға ыңғайлы болады. Ал жидітіп жүндегенде сойылған түйенің терісін сыпырып алып, дереу жылы күйінде жүнін ішіне қаратып орап, жылы жерге қойып қояды. Біраз уақыт өткен соң, жүн өздігінен жидіп босап қалады да оңай жұлынады.

Жүн өнімін өңдеу және ұқсату. Малдан алынған жүн көп жағдайда таза бола бермейді. Сондықтан жүнді кәдеге асырмас бұрын оны жақсылап тазалап жуу керек. Жоғарыда айтылғандай тоғытылып барып қырқылған жүн таза болатындықтан оны жумай-ақ кәдеге асыруға болады. Ал жүн лас болса, оны жуу жүннің қаншалықты таза болуына қарай атқарылады. Алдымен арнайы ыдысқа салқын су

Абилкаирова Б.К. Изобразительно-орнаментальные образы и мотивы прикладного искусства кимаков	361
Абдиханова А.Е. Ислам өркениеті – Қазақстан және ғаламдық кеңістікте	362
Асубаев М.К. Тарбағатайдың ерте темір дәуірі ескерткіштері	365
Ержанова А.Е. Атасу микроауданындағы металлургиялық қоныстарынан табылған тас құралдарына трасологиялық талдаулар	368
Әбдіқалиұлы К. А. Сауран қалашығының зерттелуі	372
Хабдылқан А. Ғұрыптық қоршаулар мен тас мүсіндер	374
Құрманғалиев А. Таулы Алтай сақ дәуірі ескерткіштерін зерттеу мен кезеңдеудің кейбір мәселелері	377
Қалнияз Б. XIX ғ. II-жартысы – XX ғ. бас кезіндегі қазақ даласындағы жер қатынасына байланысты көзқарастар мен пікірлер	380
Солтангельдин Ә.А. Шыңғыстаудағы Текебұлақ ескерткіштері	384
Ораз А.Ә. Алтай мен Тарбағатай сақтарының діни сенімдерінің ерекшеліктері	387
Таженова К.Қ. Балаға жақсы есім беру – әр отбасының өзекті мәселесі	390
Саутбекова А.Ғ. Фаззаллах ибн Рузбиханның «Мехмон наме-и Бұхара» еңбегі этнографиялық дерек ретінде	391
Жолдасбек А. XIX ғасырдың II жартысында орыс отаршыларының Түркістан өлкесі халықтарының рухани саласына енгізген ұстанымдары туралы кейбір мәселелер	394
Есеркенова А.К. Қазақстандағы этнодемографиялық үдерістің қалыптасу тарихы	397
Жумағалиева А.И. Қазақ халқының күй өнері – қасиетті қазынамыздың байлығы	399
Бимыкова А.К. Батыс және Ресей зерттеушілерінің жазбаларындағы қазақтың материалдық мәдениеті	402
Абдуллаева А.А. Әлем қазақтарының басын қосқан – тұңғыш құрылтайдың шақырылуының тарихи маңызы	407
Сералы Н.О. Оғыз тайпаларының Сырдария өзенінің орта ағысында пайда болуы	410
Сақабай Т. Қ. Түркістан аймағының жалпы сипаттамасы	413
Сагиндикова А.А. Қазақ қоғамындағы полигамиялық некенің орны	417
Умаралиев Э.С. Байыркы қырғыздардағы улуттук оюндардын жаралуусу жана анын Умай эненин культу менен байланышы	420
Жуманазарова Г. Отражение культа животных в амулетах и украшениях народов Средней Азии	423
Чаргынова Г.О., Абдиханова А.Е. Ислам и его влияние на общество.....	427
Омарова Г.Ж. Особенности внутрисемейной жизни узбеков Южного Казахстана	430
Болсынбек Т. Қазақы тымақтың аймақтық ерекшеліктері және этномәдени семантикасы (ҚР МОМ және РЭМ коллекциялары негізінде)	432
Нұрғожа Қ. Дәстүрлі қазақ тұрмысындағы қой және түйе жүнін өңдеу, ұқсату технологиялары	435
Әлім О. Қазақтың ұмыт болған қара сабыны және оның жасалу технологиясы хақында	437
Хабибиан И. Современные этнодемографические процессы в Афганистане	440
Жанұзақ Р.Ж. Қазақстан сығандары: Ақтөбе материалдары бойынша тарихи-этнографиялық зерттеу	443
Сален Ж.С. Іледегі қазақтар арасындағы қалың мал алу дәстүрі (XX ғасырдың екінші жартысы – XXI ғасырдың басы)	446
Кыйзатова С.М. Немістер: тарихи-этнографиялық зерттеу	448
Жағыпар Ә.Б. Алаш қозғалысы мұрасы – музей экспозициясында	453
Исабеков Ж. Мініс атын бекітуде қолданылатын әбзел атаулары туралы (Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі коллекциясы негізінде)	455
Кембаева А.К. Археологическая коллекция Центрального государственного музея Республики Казахстан: история формирования в досоветский период	457
Тұрымбетова Ж. Музейдегі экспозиция ісін ақпараттандырудың маңызы	460
Орынбекова Р.Ж. Музейлердің бүгінгі ахуалы және болашағы	462
Абаева М.Д. Мультимедиа в музейном деле	465

Ғылыми басылым

**«Қазақстан археологиясы мен этнологиясы: өткені, бүгіні және болашағы»
атты «VII Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-тәжірибелік
конференция материалдары**

2015 ж. 28-29 сәуір

Жинақ ҚР Мемлекеттік орталық музейінің редакциялық баспа орталығында беттелді
Компьютерде беттеген орталық жетекшісі *М. Тәттібаев*

Дизайнын жасаған *Нұрсан Әлімбаев, Б. Қақабаяв*
А. Қалыш, М. Тәттібаев, А.Кизашева

Қажетті материалды ағылшын тіліне аударған ҚР Мемлекеттік
орталық музейінің қызметкері *Э. Жанысбекова*

ИБ № 8120

Басылуға 25.04.2015 жылы қол қойылды. Формат 60-84 1/8

Көлемі 30 б.т. Тапсырыс №924. Таралымы 80 дана
эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.

Алматы қаласы, эл-Фараби даңғылы, 71

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.